



Солтүстік Қазақстан
облысы әкімдігінің
2020 жылғы 21 желтоқсандағы № 341
қаулысымен бекітілді

«ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ӘДІЛЕТ МИНИСТРЛІГІ
СОЛТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫНЫҢ ӘДІЛЕТ ДЕПАРТАМЕНТІ
ШАЛ АҚЫН АТЫНДАҒЫ АУДАНАРАЛЫҚ ӘДІЛЕТ БАСҚАРМАСЫ»
РММ

20 20 ж. 30 " шелтоқсан

**ЗАҢДЫ ТҰЛҒАНЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК
ҚАЙТА ТІРКЕУІ ЖҮРГІЗІЛДІ**

БСН 980540003877

АЛҒАШҚЫ ТІРКЕЛГЕН КҮНІ
1998 ж. 21 " мамыр

**«Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің білім басқармасы»
коммуналдық мемлекеттік мекемесінің
«Шал ақын ауданының білім бөлімі "
коммуналдық мемлекеттік мекемесі
" Жаңаталап бастауыш мектебі "
коммуналдық мемлекеттік мекемесінің
ЖАРҒЫСЫ**

1. Жалпы ережелер

1.1. «Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің білім басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің «Шал ақын ауданының білім бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі «Жанаталап бастауыш мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі (әрі қарай коммуналдық мемлекеттік мекеме), заңды тұлға мәртебесіне ие, мекеменің ұйымдастыру-құқықтық формадағы білім беру функциясын жүзеге асыру үшін құрылған коммерциялық ұйым емес болып табылады.

1.2. Мемлекеттік мекенің түрі: коммуналдық.

1.3. Коммуналдық мемлекеттік мекеме «Білім туралы», «Мемлекеттік мүлік туралы» Қазақстан Республикасының Заңдарына сәйкес құрылған.

1.4. Коммуналдық мемлекеттік мекеменің құрылтайшысы «Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің қаулысы, 2020 жылғы 21 желтоқсан №341. Құрылтайшының орналасқан жері: 150011, Солтүстік Қазақстан облысы, Петропавл қаласы, Қазақстан Конституциясы көшесі, 58.

Коммуналдық мемлекеттік мекеменің сәйкес саласының уәкілеттік органы, сондай-ақ оған байланысты мемлекеттік мүлкінің уәкілеттік органы (әрі қарай – уәкілеттік орган «Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің білім басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің «Шал ақын ауданының білім бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі. Уәкілетті органның орналасқан жері: 151300, Солтүстік Қазақстан облысы, Шал ақын атындағы ауданы, Сергеевка қаласы, Е.Шайкин көшесі, 33.

1.5. Коммуналдық мемлекеттік мекеме өз қызметінде Қазақстан Республикасының Конституциясын, қолданыстағы Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңын, Қазақстан Республикасының Президентінің, Үкіметінің, облыс және аудан әкімі мен әкімдігінің басқа актілерін, осы Жарғыны басшылыққа алады.

1.6. Жарғылық қызметті қаржыландыру, Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тәртіппен коммуналдық мемлекеттік мекеме пайдаланатын өзге де қаржылық және материалдық түсімдер мемлекеттік бюджет есебінен жүзеге асырылады.

1.7. Коммуналдық мемлекеттік мекеме өз құзыретінің мәселелері бойынша заңнамада белгіленген тәртіппен коммуналдық мемлекеттік мекеме директорының бұйрықтарымен ресімделетін шешімдер қабылдайды.

1.8. Коммуналдық мемлекеттік мекеменің толық атауы:
мемлекеттік тілде: «Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің білім басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің «Шал ақын ауданының білім бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі «Жанаталап бастауыш мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі;

орыс тілінде: Коммунальное государственное учреждение «Жанаталапская начальная школа» коммунального государственного учреждения «Отдел образования района Шал ақына» коммунального государственного учреждения «Управление образования акимата Северо-Казахстанской области»

1.9. Коммуналдық мемлекеттік мекеменің орналасқан жері: 151309, Солтүстік Қазақстан облысы, Шал ақын ауданы, Жанаталап селосы, Беймбет атындағы көшесі, № 7.үйі

1.10. Коммуналдық мемлекеттік мекеменің құрылымы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес уәкілетті органмен бекітіледі.

2. Коммуналдық мемлекеттік мекеменің заңды мәртебесі

2.1. Коммуналдық мемлекеттік мекеме мемлекеттік тіркелгеннен бастап заңды тұлға құқығына ие болады.

2.2. Коммуналдық мемлекеттік мекемеде мемлекеттік тілде өзінің атауымен мөрі, мөртабаны болады.

2.3. Коммуналдық мемлекеттік мекеме жасаған азаматтық-құқықтық келісім-шарттар Қазақстан Республикасы заңнамасымен айқындалған тәртіпте тіркелуі тиіс.

2.4. Коммуналдық мемлекеттік мекеменің білім беру, тәрбиелеу қызметі лицензия алған күннен бастап пайда болады.

2.5. Коммуналдық мемлекеттік мекеме құра алмайды, сонымен қатар айқындалған тәртіпте мемлекеттік жекеменшігін иемдену, қолдану, билік ету құқығы берілген мекемелерді қоспағанда, басқа заңды тұлғаның құрылтайшысы (қатысушысы) бола алмайды.

3. Коммуналдық мемлекеттік мекеменің мақсаттары, мәні, міндеттері мен қызметтері

3.1. Коммуналдық мемлекеттік мекеме қызметінің мақсаты жалпы білім беру, мектепке дейінгі оқыту мен тәрбие саласында мемлекеттік саясатты іске асыру болып келеді.

3.2. Коммуналдық мемлекеттік мекеменің міндеті мекемеде тұлға қалыптастыру мен дамытуға бағытталған жалпы білім, мектепке дейінгі оқыту мен тәрбие алуға қажетті жағдайлар жасау болып келеді.

3.3. Коммуналдық мемлекеттік мекеменің қызметтері:

- мемлекеттік білім беру стандарттарына сәйкес білім беру бағдарламаларын менгеруге жағдай жасау;

- тұлғалардың шығармашылық, рухани, дене мүмкіндіктерін дамыту, адамгершілік пен салауатты өмір салтының нақты негіздерін қалыптастыру, интеллектті байыту арқылы жеке тұлғаның дамуына жағдай жасау;

- азаматтық пен отансүйгіштік, өз Отаны Қазақстан Республикасына сүйіспеншілік, мемлекеттік рәміздерге сыйластық сезімін тәрбиелеу, халық дәстүрлерін құрметтеу, конституцияға қарсы және қоғамға қарсы қандай болмасын әрекеттерге немқұрайлы болмауға тәрбиелеу;

- республиканың қоғамдық-саяси, экономикалық және мәдени өміріне қатысуға талпыныс, өз құқықтары мен міндеттеріне саналы қарайтын тұлға қалыптастыру;

- әлемдік және отандық мәдениет жетістіктеріне, қазақ және республикадағы басқа халықтардың тарихын, салт-дәстүрлерін оқуға, мемлекеттік тілді, орыс, шетел тілдерін менгеруге баулу;

- оқытудың жаңа технологияларын енгізу, педагогикалық үрдісті акпараттандыру.

3.4. Коммуналдық мемлекеттік мекеме білім берудің оқыту бағдарламаларын іске асырады:

1) мектепке дейінгі оқыту мен тәрбиелеу, мектепке дейінгі дайындық;

2) бастауыш білім беру;

Міндетті пәндерге қосымша оқушылардың таңдауы бойынша қызығушылығын, икемдігі мен мүмкіндіктерін іске асыруға бағытталған оқытуды ұйымдастыратын пәндер енгізіледі.

3.5. Көшіру және қайталап оқыту Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің нұсқаулығына сәйкес жүзеге асырылады.

3.6. Уәкілетті орган келісімімен, ата-аналардың (оларды алмастыратын тұлға) мүдделерін ескере отырып, мамандандырылған және зейіндік сыныптар мен топтар, психикалық дамуы тежеулі балаларға арналған оқытудың орнын толтыратын түзелу сыныптары ашуға болады.

3.7. Коммуналдық мемлекеттік мекеме қызметінің мәні:

1) жалпы білім беру мемлекеттік стандарттарына сәйкес тегін мектепке дейінгі, бастауыш білім алу мүмкіндігін беру;

2) тұлғаның жан-жақты дамуына ықтимал жағдай жасау, соның ішінде оқушылардың өз білімін көтеру және қосымша білім алу қажеттіліктерін қанағаттандыру арқылы жүзеге асыру;

3) магниттік мектептермен ресурстық орталықтың жұмысын ұйымдастыру : Солтүстік Қазақстан облысы Шал ақын ауданы әкімдігінің «Шал ақын әкімдігінің білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Ғ.Малдыбаев атындағы Жанажол орта мектебі»

коммуналдық мекемесі;

4) саналы түрде мамандық таңдау және одан кейінгі кәсіптік бағдарламаларды меңгеруге негіз жасау;

5) азаматтық пен Отанға деген сүйіспеншілік тәрбиелеу;

6) коммуналдық мемлекеттік мекеме өз қызметінде Қазақстан Республикасының Конституциясын, Заңдарын, Тіптік ережелерін басшылыққа алады.

3.8. Коммуналдық мемлекеттік мекемесі міндетті түрде мектепке дейінгі дайындыққа бес жасынан бастап мектепке дейінгі дайындық сыныбына қабылдауын жүзеге асырады.

4. Коммуналдық мемлекеттік мекеменің құқықтары

4.1. Коммуналдық мемлекеттік мекеме құқылы:

1) уәкілетті органмен келісе отырып өз бетінше мемлекеттік жалпы міндетті оқу жоспарларын бағдарламалардағы оқу жоспарлар стандарттарын есепке ала отырып, оқу жоспарларын, бағдарламаларын әзірлеп, қабылдау, іске асыру, енгізу, жүзеге асыруға;

2) қолданыстағы заңнамаға сәйкес жылдық күнтізбелік оқу кестесі, сабақ кестесін әзірлеу және бекітуге;

3) «Білім туралы» Қазақстан Республикасының Заңымен айқындалған шегінде оқыту және тәрбиелеу формаларын, құралдары мен әдістерін таңдауға;

4) қосымша білім беру бағдарламаларын жүзеге асыруға;

5) өз бетімен аралық аттестаттаудың бағалау жүйесін, тәртібі мен кезеңігін таңдау;

6) коммуналдық мемлекеттік мекеме штаттық медициналық персоналы арқылы оқушылар мен тәрбиеленушілерді медициналық қызмет көрсетумен қамтамасыз етуге;

7) тамақтандыруды өз бетінше ұйымдастыру немесе мектеп асханасын жалға алған тұлғаға жүктеуге.

5. Білім ұйымдарының оқушыларымен, тәрбиеленушілермен және оның ата-аналарымен немесе басқа да заң өкілдерімен қарым-қатынасты рәсімдеу тәртібі

5.1 Оқушылар мен тәрбиеленушілер құқылы:

1) мемлекеттік жалпыға міндетті білім стандартына сәйкес сапалы білім алуға;

2) білім мекемесі кеңесі шешімімен жеке оқу жоспары бойынша мемлекеттік жалпыға міндетті білім стандарттарының шеңберінде оқуға;

3) оқу жоспарына сәйкес баламалы курстарды таңдауға;

4) білім ұйымдары басқаруға қатысуға;

5) білім ұйымдарында ақпараттық ресурстарын тегін қолдану, Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындаған тәртіпте оқулықтармен, оқу-әдістемелік кешендермен және оқу-әдістемелік оқу құралдарымен қамтамасыз етілуге;

6) спорт, оқу, мәжіліс залдарын, кітапхананы тегін пайдалануға;

7) білім беру ұйымдары жүзеге асыратын оқу және тәрбие жұмысын жоспарлау мен есепке алу оқу тәрбие процесін ұйымдастырудың негізі болып табылады. Оқу және тәрбие жұмысы оқ-тәрбие жұмысының жоспары және сабақ кестесі мен үйірме және спорттық секцияларды жылдық бекіту арқылы жүзеге асырылады. Оқу сағатында оқу бағдарламасын, оқу және тәрбиелік жұмысты есепке алу Күнделік электронды журналы, есеп табелдерін жүргізу жолдарымен жүзеге асырылады;

8) өзінің адамдық абыройын құрметтеуге;

9) оқудағы, ғылыми және шығармашылық жұмыстарындағы жетістіктеріне сыйлық және сыйақы алуға;

5.2. Коммуналдық мемлекеттік мекемелер оқушылары мен тәрбиеленушілері міндетті:

1. мемлекеттік жалпыға міндетті білім стандарттарының талаптарына сәйкес білім, білік пен дағдыны меңгеруге;

2. ішкі тәртіп ережелерін сақтауға;
3. мекеме мүліктеріне ұқыпты қарауға;
4. басқа оқушылар мен қызметкерлердің намысы мен абыройын құрметтеуге;
5. білімдік қызмет көрсету мүмкіндіктері туралы білім ұйымдары жарғысы мен келісім-шарттарындағы өзге талаптарды орындауға;
6. өз денсаулығын күтуге, рухани және салауаттылық өзін-өзі жетілдіруге ұмтылуға;
7. педагог қызметкерлерінің ар-намысын және абыройын, оқитын оқу орнының дәстүрлерін құрметтеуге;

5.3. Кәмелетке толмаған балалардың ата-аналары және басқа да заң өкілдері құқылы:

- 1) баланың ерекшелігі мен жеке бейімін, мүддесін есепке ала отырып білім беру мекемесін таңдауға;
- 2) ата-аналар комитеті арқылы білім мекемесінің басқару органдарының жұмысына қатысуға;
- 3) білім мекемесінен өз балаларының оқу, тәрбиесі және үлгерімі туралы ақпараттар алуға;
- 4) балаларын оқыту және тәрбиелеу мәселесі бойынша психологиялық-медико-педагогикалық кеңестік көмек алуға.

5.4. Ата-аналар мен басқа да заң өкілдері міндетті:

- 1) балаларға өмір сүруі мен білім алуы үшін салауатты да қауіпсіз жағдайлар жасауға, олардың интеллектуалдық және денсаулығы мықты болып өсуін адамгершілік қалыптасуын қамтамасыз етуге;
- 2) бес (алты) жастағы балаларға мектепке дейінгі дайындықты қамтамасыз етуге, ал алты жасынан бастап жалпы білім мектебіне белгілеуге;
- 3) білім мекемелеріне балаларды оқыту мен тәрбиелеуде көмек көрсетуге;
- 4) балалардың оқу орнына сабаққа баруын қамтамасыз етуге;
- 5) оқушылардың коммуналдық мемлекеттік мекеме мүліктерін бүлдіргені үшін материалдық жауапкершілікті мойнына алуға;
- 6) Орта білім беру ұйымдарында қабылданған мектеп формасын сақтау .
Мектеп формасы ұлдар үшін : жилет, ақ көйлек, шалбар
Қыздар үшін : жилет, юбка, шалбар
Спорттық киімдер ұлдар мен қыздар үшін : спорт костюмдері(спорттық шалбар, футболка), спорттық аяқ киім (кроссовки, кеды)
- 7) Ата-аналар комитеттері, Қамқоршылық кеңестері арқылы білім беру ұйымдарын басқару органдарының жұмысына қатысу.
- 8) Білім беру ұйымдарынан өз балаларының үлгеріміне (күнделік электронды журналы арқылы), мінез-құлқына және оқу жағдайларына қатысты ақпарат алуға.
- 9) Білім беру ұйымының жарғысында, екі жақты шартта белгіленген ережелерді орындау.
- 10) Мектепшілік ата-аналар жиналысына қатысу.

6. Коммуналдық мемлекеттік мекемесіне қабылдау тәртібі

- 6.1. Коммуналдық мемлекеттік мекемеге қабылдау ата-аналардың немесе оларды алмастыратын адамдардың өтініші бойынша жүзеге асырылады.
- 6.2. Оқушылар санына кіргізу білім мекемесінің басқару органы бұйрығы негізінде жүзеге асырылады.
- 6.3. Сыныптан-сыныпқа көшу Типтік ережеге сәйкес жүзеге асырылады.
- 6.4. Оқушылар коммуналдық мемлекеттік мекемеден коммуналдық мемлекеттік білім мекемесінің әріптестік органының шешімі бойынша шығарылады.
- 6.5. Коммуналдық мемлекеттік жалпы білім беретін күндізгі оқыту орнынан он

алты жаска дейінгі балалар тек қана ерекше жағдайларда білім басқару органдарының шешімі бойынша заңға қарсы әрекеттерді жасағаны үшін, білім ұйымының Жарғысын бірнеше рет бұзғаны үшін шығарылады. Жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларды шығару туралы шешім қорғаншылық және қамқоршылық органдарының келісімімен қабылданады.

6.6. Коммуналдық мемлекеттік мекеме оқушыны қабылдау кезінде оны және (немесе) ата-аналарын (оларды алмастырушы тұлғаларды) Жарғымен және басқа да білім жүйесіндегі регламенттік құжаттармен міндетті түрде таныстыру қажет.

7. Білім жүйесін ұйымдастыру, сабақтар тәртібі

7.1. Коммуналдық мемлекеттік мекеме оқу үрдісін мемлекеттік білім берудің жалпы білім беру стандартының негізінде жалпы білім беру бағдарламаларына сәйкес қазақ тілінде жүргізеді, өз қызметінде Конституцияны, Қазақстан Республикасының Заңдарын, Типтік Ережелерін, сонымен қатар басқа да нормативтік-құқықтық актілерді басшылыққа алады. Коммуналдық мемлекеттік мекеме қазақ тілін мемлекеттік тіл ретінде білуді және дамытуды қамтамасыз ету, сонымен қатар орыс тілін және бір шетел тілін оқытуға тиіс.

7.2. Білім ұйымдарының оқу-тәрбие қызметі мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарының негізінде әзірленген оқу жоспарлары мен бағдарламаларға сәйкес жүзеге асырылады.

7.3. Оқу жүктемелері, оқушылардың, тәрбиеленушілердің сабақ тәртіптері мемлекеттік білім берудің жалпыға міндетті стандартқа, санитарлық-эпидемиологиялық ережелер мен нормаларына, оқу жоспарларына сонымен қатар денсаулық сақтау және білім органдарының кеңестеріне сәйкес бекітіледі.

7.4. Коммуналдық мемлекеттік мекеме оқушылардың ағымдағы білім бақылауын, аралық аттестаттауын өткізу кезеңінің үлгісі мен тәртібін өздігінен таңдай алады.

7.5. Коммуналдық мемлекеттік мекемедегі оқу келесі үлгіде жүргізіледі: күндізгі-іштей.

7.6. Коммуналдық мемлекеттік мекеме сыныбындағы оқушылардың саны 25 адамнан аспайды. Оқытудың негізгі түрі сабақ болып табылады. Оқу сабақтарын ұйымдастыруда оқу пәндерінің инварианттық бөлімі мазмұнына байланысты оқушылары 20 және одан да асатын сыныптар келесі оқу пәндері екі топқа бөлініп оқытылады:

- орыс тілі .

- шет тілі .

7.7. Коммуналдық мемлекеттік мекемедегі оқушылардың тәрбие жұмыстарын және сыныптан тыс қызметтерді ұйымдастыру сынып жетекшілері және тәрбиеші арқылы жүзеге асады.

7.8. Оқушылардың сабақ тәртібі 1 ауысымды, сабақтардың ұзақтығы – 40 минут, оқу кезеңіндегі үзілістің уақыты мекеменің есебімен, оқушылардың және тәрбиеленушілердің ыстық тамақ ішіп, жақсы дем алуға үлгеру шамасында анықталады.

Ұйымның талаптарына балаларды бейімдеу процесін жаңылдету мақсатында 1-сыныптарда оқу жүктемесін біртіндеп өсіре отырып, оқу сабақтарының «сатылы» режимі қолданылуы тиіс: күнкүйекте 3-сабақтан 35-минуттан ; қазан айынан бастап әр сабақ 40 минуттан. Оқу сабақтарының кестесі сабақтар кезеңінің мөлшері негізінде бекітіліп анықталады.

Оқу сабақ жұмысының ұзақтығы мектеп педагогикалық кеңесімен бекітіледі.

7.9. Оқу жылының ұзақтығы, басталу және аяқталу мерзімі Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігінің базисті оқу жоспарымен анықталады.

7.10. Коммуналдық мемлекеттік мекемеде оқыту келесі сатылар бойынша ұйымдастырылған: мектепалды, бастауыш .

7.11. «Білім алушылардың үлгеріміне ағымдық бақылау, аралық және қорытынды

аттестаттау өткізудің үлгілік ережелерін бекіту туралы» Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігінің 2008 жылғы 18 наурыздағы № 125 бұйрығы. оқушылардың білімдерін бақылауды ұйымдастыру кезінде коммуналдық мемлекеттік мекеме түрі, тәртібі және кезеңдігі айқындалған білім алушылардың үлгеріміне ағымдық бақылау, аралық және қорытынды аттестаттау өткізудің үлгілік қағидаларын басшылыққа алады.

8. Мектептегі оқушылардың білімін бақылауды ұйымдастыру

8.1. Мектептегі оқу материалын игеру сапасының негізгі көрсеткіші баға критериалдық бағалау болып табылады.

8.2. Коммуналдық мемлекеттік мекемеде бағалардың келесі түрлері қабылданған: формативті жиынтық, бөлімдік жиынтық, тоқсандық жиынтық, жылдық.

8.3. Берілген кезеңде қандай да бір тақырыпты немесе бөлімді үйрену кезеңінде оқу материалын игеру көрсеткіші қызметін күнделікті баға атқарады. Күнделікті бағаны қою барысында мұғалім оқушының көрсеткен ынтасын, жұмыстағы жүйелілігі мен еңбек тәртібін, берілген сұрақ бойынша оқушының білімін есепке алуға құқығы бар.

Күнделікті бағаға жататындары:

- үй тапсырмасының орындалуына формативті баға қойылады;

- сыныптағы жұмысқа формативті, бөлім және тоқсандық жиынтық баға қойылады.

8.4. Жылдық баға екі жартыжылдық бағасынан қойылады.

8.5. Оқушының бастамасымен ағымдағы және тақырыптық бағаларды түзетуге тыйым салынады.

9. Коммуналдық мемлекеттік мекеме мен құрылтайшы, коммуналдық мемлекеттік мекеме мен уәкілетті орган, коммуналдық мемлекеттік мекеме әкімшілігі мен оның еңбек ұжымы арасындағы өзара қарым-қатынас

9.1. Коммуналдық мемлекеттік мекеме мен құрылтайшы арасындағы, коммуналдық мемлекеттік мекеме мен уәкілетті орган арасындағы, коммуналдық мемлекеттік мекеме әкімшілігі мен оның еңбек ұжымы арасындағы өзара қарым-қатынас Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес анықталады.

10. Коммуналдық мемлекеттік мекеменің қызметін қаржыландыру және материалдық-техникалық қамтамасыз ету

10.1. Коммуналдық мемлекеттік мекеменің жедел басқару құқығында оқшауланған мүлкі бар, ол аудандық коммуналдық меншікке жатады.

10.2. Коммуналдық мемлекеттік мекеменің мүлкіне қатысты мемлекеттік коммуналдық меншік құқығы субъектісінің құқықтарын "Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің қаржы басқармасы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі жүзеге асырады.

10.3. "Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің Шал ақын ауданының білім бөлімі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі коммуналдық мемлекеттік мекемені басқаруды жүзеге асыратын орган болып табылады"

10.4. Коммуналдық мемлекеттік мекеменің мүлкі оған құрылтайшы берген мүлік есебінен қалыптастырылады және негізгі қорлар мен айналым қаражатынан, сондай-ақ құны коммуналдық мемлекеттік мекеменің балансында көрсетілетін өзге де мүліктен тұрады.

10.5. Коммуналдық мемлекеттік мекеменің қаржылық ресурстарын қалыптастыру көздері:

1. құрылтайшыдан бюджет қаражатының түсімдері;
2. бюджеттен тыс қаражат (демеушілік қаражат);
3. қолданыстағы заңнамада тыйым салынбаған өзге де көздер.

10.6. Коммуналдық мемлекеттік мекеменің өзіне бекітілген мүлікті өз бетімен иеліктен шығаруға немесе оған өзге тәсілмен билік етуге құқығы жоқ.

Коммуналдық мемлекеттік мекемеге Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген жағдайларда және шектерде мүлікке билік ету құқығы берілуі мүмкін.

10.7. Коммуналдық мемлекеттік мекеменің материалдық-техникалық базасын құру және дамыту мемлекеттік бюджет қаражаты және Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген өзге де көздер есебінен жүзеге асырылады.

10.8. Коммуналдық мемлекеттік мекеменің қаржы-шаруашылық қызметін тексеру және тексеру Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен уәкілетті органмен жүзеге асырылады.

10.9. Коммуналдық мемлекеттік мекеме мүліктің мақсатына, қызметтің жарғылық мақсаттарына және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өзіне бекітілген мүлікті жедел басқару құқығында иеленеді, пайдаланады және оған билік етеді.

11. Коммуналдық мемлекеттік мекеменің қамқоршылық кеңесі

11.1. Мемлекеттік мекеменің қамқоршылық кеңесі мемлекеттік мекеменің алқалық басқару түрінің бірі болып саналады, жұмыс мақсаттары болып:

- мемлекеттік мекемеге оның жарғылық қызметін атқаруға көмектесу;
- білімдік оқу бағдарламаларын табысты жүзеге асыру мақсатында мемлекеттік мекеме ұжымы мен оқушыларға қажетті жағдайлар жасау;
- қаржылық қолдауды қамтамасыз ету, мемлекеттік мекеменің материалдық-техникалық базасын нығайту;

қорлар, ассоциациялар, демеушілер өкілдері құрамынан құрылады.

Қамқоршылық кеңесінің басшысы болып Қамқоршылық кеңесінің отырысында сайланған төрағасы табылады.

11.2. Қоғамдық бақылау, қайырымдылық көмекті бөлу, коммуналдық мемлекеттік мекеме жанындағы білім беру ұйымының қызметі бойынша ұсыныстар мен ұсынымдарды әзірлеу мақсатында Қамқоршылық кеңесі өз қызметін жүзеге асырады. Қамқоршылық кеңес мүшелерінің өз өкілеттіктерін орындауы өтеусіз негізде асырылады.

12. Коммуналдық мемлекеттік мекемесінің жұмыс тәртібі

12.1. Коммуналдық мемлекеттік мекемесінің жұмыс тәртібі: дүйсенбі-жұма сағат 09.00-ден бастап сағат 18.00-ге дейін, сенбі 9.00-ден бастап сағат 13.00-ге дейін (әкімшілік үшін), түскі үзіліс 13.00-ден бастап сағат 14.00-ге дейін. Демалыс күндері: сенбі, жексенбі, мейрам күндері.

13. Құрылтайшының құзыреттілігі

13.1. Құрылтайшы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес:

1) Қазақстан Республикасы Конституциясымен белгіленген міндетті орта білім алуға азаматтардың құқығын қамтамасыз етеді, білімді дамытуға бағытталған жергілікті бюджет әзірлейді;

2) мектепке дейінгі және мектеп жасындағы балаларды тіркеп, олардың бастауыш білім алуына дейін оқуын қамтамасыз етеді;

3) білім беру ұйымының қызметі үшін қажетті материалдық техникалық жағдайларды қамтамасыз етеді;

4) білім қызметкерлердің әлеуметтік қорғауын және қолдауын қамтамасыз етеді;

5) белгіленген тәртіпте жетім балалардың, ата-аналардың қамқорынсыз қалған балалардың толық мемлекеттік қамтамасыз етуін, олардың міндетті жұмысқа орналасуын және тұрғын үймен қамтамасыз етуін жүзеге асырады;

6) Қазақстан Республикасы заңнамасымен белгіленген тәртіпте білім ұйымы оқушылардың медициналық қызметін ұйымдастырады;

7) Қазақстан Республикасы заңнамасымен қарастырылған тәртіпте жеке санаттағы оқытушылардың және тәрбиенушілердің тегін және жеңілдікті тамақтандыруын ұйымдастырады;

8) КММ және ата-аналар арасындағы қарым-қатынас бала шағын орталыққа қабылданған кезде келісім шартпен реттеледі.

Шартта баланың шағын орталыққа келу режимі, бір айдағы тамақтанудың жоспарлы құны және еселігі, қосымша білім беру, сауықтыру қызметтерінің тізбесі мен тәртібі, қосымша ақылы қызметтер ақы төлеу мөлшері және өзге де шарттар айқындалады.

14. Басшының өкілеттілігі

14.1. Коммуналдық мемлекеттік мекеменің жалпы басқаруын уәкілетті орган жүзеге асырады;

14.2. Уәкілетті орган заңнамамен белгіленген тәртіпте келесі функцияларды жүзеге асырады:

1) коммуналдық мемлекеттік мекемесіне мүлік тіркейді;

2) коммуналдық мемлекеттік мекемесінің күтуіне смета (шығын жоспарын) бекітеді;

3) коммуналдық мемлекеттік мекемесіне тапсырылған мүлігі тиімді пайдалану және сақтауы үшін бақылау жасайды;

4) коммуналдық мемлекеттік мекемесінің құрылымын және шекті штаттық санын бекітеді;

5) коммуналдық мемлекеттік мекемесінің құрылымын, құру тәртібін және басқару органдары өкілділігінің мерзімін, коммуналдық мемлекеттік мекемесімен шешімдерді қабылдау тәртібін анықтайды;

6) коммуналдық мемлекеттік мекемесі басшысының құқықтарын, міндеттерін, жауапкершілігін және алатын лауазымынан босатуға негіздемелерді анықтайды;

7) жылдық қаржылық есебін бекітеді;

8) заңнамасымен белгіленген басқа функцияларды жүзеге асырады.

14.3. Коммуналдық мемлекеттік мекемесінің тікелей басқаруын Құрылтайшымен келісімі бойынша уәкілетті органмен қызметке тағайындалатын және қызметінен босатылатын коммуналдық мемлекеттік мекемесінің басшысы (директор) жүзеге асырады.

14.4. Коммуналдық мемлекеттік мекемесінің басқаруы коммуналдық мемлекеттік мекемесінің Кеңесі, Қамқоршылық кеңесі, жалпы жиналыс, педагогикалық кеңесі болып табылады.

14.5. Коммуналдық мемлекеттік мекемесінің басшысы коммуналдық мемлекеттік мекемесінің жұмысын ұйымдастырады және басқарады, уәкілетті органға тікелей бағынады және коммуналдық мемлекеттік мекемесіне жүктелген тапсырмаларды орындау және өзінің функцияларын жүзеге асыру үшін персоналды жауапкершілік тартады.

14.6. Коммуналдық мемлекеттік мекемесінің басшысы жеке дара басшылық принциптерімен әрекет етеді және Қазақстан Республикасының заңнамаларымен және осы Жарғымен белгіленген өзінің күзіретіне сәйкес мемлекеттік мекеме қызметінің мәселелерін дербес шешеді.

14.7. Коммуналдық мемлекеттік мекемесінің басшысы өзінің қызметін жүзеге асырғанда заңнамалармен белгіленген тәртіпке:

1) коммуналдық мемлекеттік мекемесінің білім және шаруашылық қызметін ұйымдастырады;

2) коммуналдық мемлекеттік мекемесі атынан сенім хатсыз іс-қимыл жасайды, мекемелермен, ұйымдармен, кәсіпорындармен және жеке кәсіпкерлермен шарт жасайды;

3) мүлікті иелену, пайдалану, басқару құқықтарын іске асыруға бағытталған іс-қимылдарды коммуналдық мемлекеттік мекемесінің атынан жасайды;

4) коммуналдық мемлекеттік мекемесінің қызметкерлерін жұмысқа қабылдайды

және жұмыстан босатады:

- 5) кадрлардың орналастыруын жүзеге асырады;
- 6) қызметкерлердің штаттық кестесін және лауазымдық нұсқаулықтарын бекітеді;
- 7) уәкілетті органмен келісімі бойынша орынбасарларды тағайындайды және олардың міндеттерін, өкілдік аясын анықтайды;
- 8) барлық қызметкерлер үшін міндетті бұйрықтар шығарады және нұсқаулар береді;
- 9) коммуналдық мемлекеттік мекемесінің қызметкерлеріне көтермелеу шараларын және тәртіптік жаза қолданады;
- 10) оған заңнамалармен, осы Жарғымен және уәкілетті органмен жүктелген басқа да функцияларды жүзеге асырады.
- 11) Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартын педагогикалық және әдістемелік кеңеспен, Қамқоршылық кеңес ұйымымен бірлесе отырып іске асыруды ұйымдастырады
- 12) Балаларды жалпыға міндетті оқытумен қамтамасыз ету заңына сәйкес жалпыға міндетті оқытумен қамтамасыз етеді.

15. Қызметкерлердің штатын құру тәртібі, еңбекті төлеу шарттары, олардың құқықтары мен міндеттері

15.1. Коммуналдық мемлекеттік мекемесінің қызметкерлер штатын құруы директормен жүзеге асырылады.

15.2. Коммуналдық мемлекеттік мекемесінде педагогикалық қызметпен айналысуға сәйкес кәсіби білімі бар азаматтар құқылы.

15.3. Коммуналдық мемлекеттік мекемесінде педагогикалық жұмысқа сотпен тыйым салынған тұлғаларға рұқсат етілмейді.

15.4. Педагогикалық қызметкерлер құқылы:

1. кәсіби қызметі үшін жағдайлар қамтамасыз етуіне;
2. мемлекеттік жалпыға міндетті стандартты сақтау шарттарымен педагогикалық қызметті ұйымдастыруда тәсілдерді және формаларды еркін таңдауына;
3. ғылыми зерттеулер тақырыптарды және олардың нәтижелерін педагогикалық тәжірибеде қолдану формаларын еркін таңдауға;
4. коммуналдық мемлекеттік мекемесімен басқару органдарының жұмысында қатысуға;
5. Құрылтайшының қаражат есебінен жұмыстан үзіп ұзақтығы төрт айдан аспай бес жылда бір рет өзінің біліктілігін арттыруға;
6. санатын, қызметін арттыру мақсатында мезгілінен бұрын аттестацияға;
7. ұзақтығы 56 күнтізбелік күні ақылы демалысына;
8. өзінің кәсіби ар және абыройын қорғауына;
9. басқа меншіктеріне тең білім ұйымының және олардың қызметкерлердің білімдік және экономикалық қызметінің көзі болатын материалдық белсенділік нысанында интеллектуалды меншікті қорғауына;

10. коммуналдық мемлекеттік мекемесі әкімшілігінің бұйрықтарын және өкімдерін шағымдануға;

11. педагогикалық қызметтегі жетістіктері үшін материалдық және рухани көтермелеуіне, орден және медальдарымен, құрметті атақтарымен, белгілер мен грамоталармен мадақтауына.

12. Бес жылда кем дегенде бір рет біліктілігін арттыруға

13. Санатын арттыру мақсатында мерзімінен бұрын аттестатталуға.

15.5. Педагогикалық қызметкерлердің негізгі қызметіне жатпайтын, олардың келісімісіз функцияларды атқаруына тартуға рұқсат етілмейді.

15.6. Мемлекеттік білім беру ұйымдарының эксперимент тәртібінде жұмыс істейтін педагогикалық қызметкерлерге Қазақстан Республикасы заңнамасымен белгіленген тәртіпте қосымша ақы төленеді.

15.7. Педагогикалық қызметкерлер міндетті:

1) тиісті мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарымен қарастырылған деңгейінен төмен емес оқытушылар мен тәрбиенушілермен білімдерін, шеберліктерін, дағдыларын алуын қамтамасыз етуге;

2) оқытушылар мен тәрбиенушілердің жеке және шығармашылық қабілеттілігін анықтауға және дамытуға көмектесуіне;

3) өзінің біліктілігін арттыруына, бес жылда бір реттен кем емес аттестациядан өтуіне;

4) педагогикалық этикасының ережелерін сақтауына;

5) оқытушылардың, тәрбиенушілердің абыройын құрметтеуге;

6) салауатты өмір салтын ұстау және оны оқытушылар, тәрбиенушілер арасында насихаттауға.

7) Аттестаттаудан өтуге

8) Жыл сайынғы медициналық тексеруден өту.

9) Классикалық пішіндегі киім үлгісін сақтануға. Киімге түрлі діни конфессияларға қатысты киім элементтерін қосуға болмайды.

10) Педагогикалық жұмысшыларға мемлекеттік мекеме директорының бұйрығымен педагогикалық негізгі міндеттеріне қосымша сынып жетекшілігі, кабинет менгерушісі және кезекшілік ұйымдастыру жұмысы беріледі.

15.8. Коммуналдық мемлекеттік мекемесі Бірыңғай тарифтік желі негізінде тарифтік біліктілік талаптарына сәйкес және аттестациялық комиссияның шешімі негізінде қызметкерлерге айлық (лауазымдық айлық) белгілейді, штаттық кестеге сәйкес еңбек төлеуге бағытталған қосымша ақылардың және басқа ынталандыратын ақыларының түрлерін мен мөлшерлерін анықтауға.

16. Коммуналдық мемлекеттік мекемесінің жарғысына өзгертулер мен толықтырулардың енгізуі

16.1. Коммуналдық мемлекеттік мекемесінің жарғысына өзгертулер мен толықтырулар Құрылтайшының шешімі бойынша енгізіледі.

16.2. Коммуналдық мемлекеттік мекеме жарғысына енгізілген өзгерістер мен толықтырулар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес тіркеледі.

17. Коммуналдық мемлекеттік мекемені қайта құруы және жойылуы

17.1. Коммуналдық мемлекеттік мекемесінің қайта құруы және жойылуы Құрылтайшының шешімі бойынша, сонымен қатар Қазақстан Республикасы заңнамасымен қарастырылған басқа негіздер бойынша жүзеге асырылады.

17.3. Коммуналдық мемлекеттік мекемесінің қайта құруы және жойылуы кезінде қалған мүлігі Құрылтайшының шешімі бойынша басқа білім беру мекемеге тапсырылуы мүмкін.

17.4. Коммуналдық мемлекеттік мекемесі заңды тұлғаларды Ұлттық реестр бизнес-сәйкестендіру нөмірлер тіркеуінде жойылғаны жөнінде жазба енгізілгеннен кейін жойылады.



Утвержден
постановлением акимата
Северо-Казахстанской области
от 21 декабря 2020 года № 341

УСТАВ

**Коммунального государственного учреждения
«Жанаталапская начальная школа» коммунального государственного
учреждения «Отдел образования района Шал акына коммунального
государственного учреждения «Управление образования акимата
Северо - Казахстанской области»**

1. Общие положения

1.1. Коммунальное государственное учреждение «Жанаталапская начальная школа» коммунального государственного учреждения «Отдел образования района Шал акына» коммунального государственного учреждения «Управление образования акимата Северо-Казахстанской области», (далее коммунальное государственное учреждение), является некоммерческой организацией, обладающей статусом юридического лица, созданной в организационно – правовой форме учреждения для осуществления функций в области образования.

1.2. Вид государственного учреждения: коммунальное.

1.3. Коммунальное государственное учреждение создано в соответствии с Законами Республики Казахстан «Об образовании», «О государственном имуществе».

1.4. Учредителем коммунального государственного учреждения является «Акимат Северо-Казахстанской области» постановление №341 от 21 декабря 2020 года.

Местонахождение Учредителя: 150011, Юридический адрес Учредителя: Северо-Казахстанская область, город Петропавловск, улица Конституции Казахстана, 58.

Уполномоченным органом соответствующей отрасли коммунального государственного учреждения, а также органом, осуществляющим по отношению к нему функции уполномоченного органа по государственному имуществу (далее – уполномоченный орган), является коммунальное государственное учреждение «Отдел образования района Шал акына» коммунального государственного учреждения «Управление образования акимата Северо-Казахстанской области». Местонахождение уполномоченного органа: 151300, Северо-Казахстанская область, район Шал акына, г. Сергеевка, улица Е.Шайкина 33.

1.5. Коммунальное государственное учреждение руководствуется в своей деятельности Конституцией Республики Казахстан, действующим Законом Республики Казахстан «Об образовании» и иными актами Президента, Правительства Республики Казахстан, акима и акимата области и района и настоящим уставом.

1.6. Финансирование уставной деятельности осуществляется за счет государственного бюджета, иных финансовых и материальных поступлений, используемых коммунальным государственным учреждением в порядке, установленном Правительством Республики Казахстан.

1.7. Коммунальное государственное учреждение по вопросам своей компетенции в установленном законодательством порядке принимает решения, оформляемые приказами директора коммунального государственного учреждения.

1.8. Полное наименование коммунального государственного учреждения:
на государственном языке: «Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің білім басқармасы» коммуналдык мемлекеттік мекемесінің «Шал акын ауданының білім бөлімі» коммуналдык мемлекеттік мекемесі «Жанаталап бастауыш мектебі» коммуналдык мемлекеттік мекемесі;

на русском языке: Коммунальное государственное учреждение «Жанаталапская начальная школа» коммунального государственного учреждения «Отдел образования района Шал акына» коммунального государственного учреждения «Управление образования акимата Северо-Казахстанской област

1.9. Местонахождение коммунального государственного учреждения: 151309, Северо-Казахстанская область, район Шал акына, село Жанаталап, улица Имени Беймбета, дом № 7.

1.10. Структура коммунально государственного учреждения утверждается уполномоченным органом в соответствии с законодательством Республики Казахстан.

